«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кулабекова Гульшат Камарбековнаның «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала -ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Елімізде соңғы отыз жыл ішінде білім берудегі тұжырымдамалар арасында ұлттық білім мен тәрбиенің өркендеуінде негізделген көптеген мемлекеттік бағдарламалар енгізілді. Атап айтсақ: «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту», «Ұлы даланың жеті қыры», «Мәдени мұра», «Мәңгілік Ел» ұлттық идеялары, Қазақстанның ұлттық бірліктің доктринасы ретінде әзірленіп, ұсынылды. Қазақстандық білім беру мен ғылымды жаңғырту мақсатында ұсынылған концепциялар этнопедагогикалық көзқарастарға негізделіп, этникалық ерекшеліктер мен халықтың педагогикалық мәдениетіне сәйкес әзірленді. Дегенмен, ұлттық педагогикада шешімін таппаған мәселелер әлі де бар. Атап айтқанда: ұлттық білім беру жүйесінде патриотизм мен адамгершілік қасиеттерді жастарға тұрақты түрде сіңіру, этнопедагогика пәнінің мазмұнын және нәтижелерін үнемі жаңартып отыру, сондай-ақ жастардың көзқарастары мен ұлттық дәстүрлер арасындағы қайшылықтарды анықтау сияқты түйткілдер бар. Қазіргі қоғам көпқырлы, динамикалы болғандықтан, білім беру ортасында қарым-қатынас құру түрлері күрделілігімен ерекшеленеді. Халықтық педагогика – рухани мәдениет негізінде ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті, тілді және тұрмыс-салттық тәрбиені құрал ретінде қолданып, белгілі бір этностың отбасылық, адамгершілік, отансүйгіштік, еңбекқорлық және т.б. қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, халықтық педагогика – ұлттық құндылықтарды сақтап қана қоймай, жас ұрпақты жан-жақты дамытуға ықпал етеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде халықтық педагогика элементтерін қолдану жастарды рухани бай, ұлттық мәдениетке жақын етіп тәрбиелеуге мүмкіндік береді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Осы орайда ҚР Оқу-ағарту министрлігі 2024 жылғы 30 маусымдағы №194 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекітті. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаты – ұлттық мәдениет пен рухани мұраға сүйене отырып, парасатты, адал, жауапкершілікті, шығармашыл және жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Бағдарламаны жүзеге асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелерін үйлестіру арқылы жүргізіледі. Бұл білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың қоғамға қызмет етуге дайын, бәсекеге қабілетті азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға және ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, ҚР «Білім туралы» 2022 жылғы 03 мамырдағы № 118-VII Заңы, ҚР «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы құжаттарына сәйкес келеді. 1.3.) Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім беру психологиясы» бағытына сәйкес. Зерттеу жұмысының өзектілігі және ғылыми мәселе ретінде қарастыруда итермелеуші күш болған тұжырымдамалар мен ой қорытындылары мемлекеттік сұраныс ретінде жоғары мектеп педагогтарының нормативтік-құқықтық құжаттамасы мен мемлекттік нормативтік құжаттарда негізделген, диссертацияда оларға жүйелі түрде сілтемелер жасалған. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы және практикасы мен ұл бала-ер жігіттің тәрбиелік идеяларын айқындап, оларды оқу-тәрбие мазмұнына ендірудің қажеттілігі мен осы мәселе бойынша жан-жақты жүйелі зерттеулердің жоқтығы арасында, ұл бала-ер жігітке қатысты ұлттық ұғымдардың болуының алайда олардың ғылыми-педагогикалық айналымға енгізілмеуі, сонымен қатар болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық тұрғыда даярлау барысында қолданылмауының арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтап, оны жүйелі зерттеу жоғары білім берудің жаңа талаптарына сай айқын мақсат, нақты міндеттерін тұтастай жаңашалау қажеттілігі өзекті мәселелердің бірі саналады. Зерттеу жұмысы аяқталған ғылыми бірлік ретінде алынғандықтан авторлық ғылыми еңбек деп қарастыруға болады. Алынған негізгі

			нәтижелер, тұжырымдамалар, жаңалықтар мемлекеттің сұранысын толығымен өтейді, педагогика ғылымы мен білім беру психологиясы саласының алдына жүктелген мемлекеттік сұранысты толығымен қанағаттандырады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, зерттеу мәселесі ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы да барынша жан жақты жақсы ашылған. Диссертациялық жұмыстың зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің дәлелдігі мен негізділігі, зерттеудің теориялық-әдіснамалық бағыттарының біртұтастығы мен жүйелігі, ғылыми аппараттың жүйелі құрылуы мен логикалық бірізділігі, зерттеу нысанына, пәніне, мақсатына, міндеттеріне және логикасына сәйкес әдістемелер кешенін қолдануы, зерттеу материалдарының кең ауқымдылығы, зерттеу барысы мен нәтижелеріне сандық және сапалық жағынан талдау жасауға мүмкіндік берген эксперименттік жұмыстың кешенді, ұзақ мерзімді және жоспарлы болуы, зерттеудің қорытынды нәтижесін тәжірибе жүзінде тексеруі педагогика, психология және т.б ғылым салаларына айтарлықтай үлесін қосатыны сөзсіз. Өйткені, алынған нәтижелер бүгінгі таңдағы білімді жетілдіру саласындағы сапалы маман мәселесін шешуге толығымен ықпал етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысын дайындауда диссертанттың өзі жазу деңгейінің *жоғары* екендігі қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы мәселесіне қатысты отандық, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың психологиялық-педагогикалық еңбектерін зерделеу арқылы зерттеудің теориялық негіздерінің әдіснамалық тұрғыдан айқындалуы және әдіснаманың жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, аксиологиялық тұғырларын басшылыққа ала отырып, ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтауы, ұл бала-ер жігіттің эмоционалдық, интеллектуалдық және физиологиялық ерекшеліктерін зерделей келіп, «халық педагогикасы», «ұл бала», «ер жігіт» ұғымдарының мән-мағынасын жанжақты талдауы және одан туындаған «қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі» ұғымын құрылымдап оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп педагогика және психология ғылымдары тұрғысында теориялық талдау жасай отырып мазмұндық сипаттама жасауы сонымен қатар, олардың бір-бірімен өзара

			байланысын нақтылаған зерттеу нәтижелерінен көрініс тапқан. Зерттеу барысында ғылыми және практикалық ой қорытындылары мен ұсыныстар бере отырып, диссертант отандық білім беру жүйесіндегі Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын жетілдіру мақсатындағы талаптар мен өзгерістерге баса назар аударған және олардың ғылымилығын, түсініктілігін, теория мен практиканың байланыстылығын, сенімділігін жеке кәсіби тәжірибесіндегі фактілермен дәлелдегені жұмыстың жазу деңгейінің жоғарылығын көрсетеді. Мәселен, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім болмысын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі, қазақ халық педагогикасындағы ұл баланың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін қарастырады. Бұл қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасуының ынталанушылық, танымдық, іс-әрекеттік өлшемдерін негіздеуге, сонымен қатар, осы өлшемдерді сипаттайтын көрсеткіштерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастырудың әдістемелік кешені қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдалана отырып нақты пәндерді оқытудың әртүрлі салалары мен әдістемелерінен алынған білімдерді біріктіреді және жалпы болашақ маманды даярлауда қолданылатын білім берудің формалары мен әдістерін жетілдіруге, студенттердің сабақтағы және сабақтан тыс іс-әрекетіне белсенді қатыстыруға және бұл іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді деп тұжырым жасайды.
	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі мемлекеттік, ғылыми және тәжірибелік сұраныстарды талдау барысында дәлелденген әрі негізделген. Жоғары мектеп педагогтарының нормативтік-құқықтық құжаттамасы мен нормативтік құжаттар, сондай-ақ ассертивтілікті дамытудың теориялық және эмпирикалық мәселелерінің зерттелуі ұлы ғұламалар, ағартушылар мен ғалым зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты. Осы орайда диссертанттың көтеріп отырған зерттеу мәселесі оның өзектілігін, қазіргі кезеңде ғылымдағы қажеттілігін дәлелдей түседі. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының өзектілігі әр жылдардағы жинақталған зерттеу материалдары (диссертациялар, монографиялар, ғылыми мақалалар) мен автордың тәжірибелік эксперименттік жұмысындағы дәлелдемелік негіздемелері арқылы қамтамасыз етілген.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық тақырып өзекті, әрі ауқымды ғылыми мәселені зерттеуге бағытталған. Зерттеуде көтеріліп отырған мәселе теориялық жағынан жүйелі талданып, тәжірибелік тұрғыда дәлелденуімен диссертацияның мазмұнының тақырыбын айқындайды. Себебі, осы тақырыпқа орай мемлекеттік сұраныс ретінде негіздемелер де, диссертациялық жұмыстың мазмұны да, сонымен қатар зерттеудің ғылыми жаңалықтары – міндеттердің шешімі ретінде қорғауға ұсынылып отырғандығымен айқындалады. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның ғылыми аппараты жүйелі құрылған әрі ішкі бірлігі сақталған, мақсаты нақты қойылған, бұл зерттеу тақырыбының айқындылығымен байланысты анықталған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар шынайы және тәжірибе жүзінде дәлелденді. Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауының өзара логикалық бірізділігі, талапқа сәйкес жүйелі жасалған ғылыми аппараты тек зерттеу мазмұнының толыққанды ашылуына алғышарт қана емес, сонымен қатар диссертанттың ғылыми-әдіснамалық мәдениеттілігін дәлелдейді. Олай болса, жұмыстағы алынған мақсат пен міндеттер оған сәйкестендірілген мазмұн өзара үйлесімді деп қорыта аламыз.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымының ғылыми-зерттеу жұмысына қойылған талаптарға сәйкестігін оның логикалық құрылымы аңғартады. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыста 24 кесте және 23 сурет бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде 135 дереккөзден тұрады Зерттеу жұмысының бірінші тарауында қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары талданып, мәселенің философия, педагогика, психология халықтық педагогика бағыттарындағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде қарастырылу жағдайы, зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізу арқылы мәселенің ғылыми және теориялық негіздері

			анықталған. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің тарихи қалыптасуы және дамуы туралы идеялар талданып, ұл бала-ер жігіттің физиологиялық және психикалық ерекшеліктеріне талдау жасаумен қатар, «ұл бала-ер жігіт» ұғымы нақтыланған. Екінші тарауда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің мәні мен ұстанымдары анықталып, мазмұны мен әдістері қарастырылған. Абайдың «Толық адам» ілімі, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Бауыржан Момышұлының тәрбиелік идеялары негізінде қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің модельдері ұсынылған. Үшінші тарауда эмпирикалық зерттеу нәтижелері бойынша «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілген, мазмұны мен қорытынды нәтижелері келтіріліп, ұсынылып отырған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат пен міндеттер шешімін тауып, жүзеге асырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Зерттеу барысында негізгі өзекті ғылыми мәселенінің бұрыннан белгілі шешімдерін сыни талдау негізінде докторант өзі логикалық тұрғыдан бағалаған жаңа шешімдерді ұсынады. Диссертация зерттеу міндеттеріне сәйкес жазылып, ондағы шешімдер, тұғырлар, тұжырымдамалар, қағидалар салыстырмалы сыни талдау арқылы алынған, сондай-ақ қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің айқындалған теориялық негіздері, оның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, жобаланған заманауи модельдері және оларды бүгінгі болашақ мұғалімдерді даярлауда пайдаланудың әдістемесі жасалғаны диссертанттың диахрондық, синхрондық және куммулятивтік ұстанымдарды терең қолданғанын аңғаруға болады. Ал осы ғылыми ұстанымдар нәтиженің адекваттылығын, шынайылығын қамтамасыз етеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу нәтижелері нақтыланған, зерттеу мақсат-міндеттер мен зерттеу болжамына сәйкес толығымен ғылыми жаңалық болып табылады, себебі қарастырылып отырған мәселенің өзі жоғары маңыздылығы бар. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын зерттеудің тиімділігі мәселелерін шешудегі маңызды бағыт болып табылады, себебі әдіснаманың жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, аксиологиялық тұғырларын басшылыққа алу қазіргі өмір талабына сай болашақ педагогтардың кәсіби деңгейін арттырудың

			маңызды шарты болып табылады. Осы ретте қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне қатысты жіктелу үлгілері, отандық ғалымдардың осы бағытқа арналған зерттеулерінің талдануы және өзіндік ерекшеліктерін анықтау арқылы мәдени құндылықтардың сипатталғаны, көне заманнан келе жатқан этникалық тәрбие қағидаларының түзілуіне және ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің даму үдерісіндегі әкенің, ананың, үлкендердің рөлі нақтыланғаны. Сонымен қатар, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне қатысты бірқатар еңбектерге кешенді талдау мен тарихи экскурс жасалып, ұмыт болған тәрбие бағдарлары мен бүгінгі күнгі мәселелер сабақтастығы негізінде тиімді жолдары көрсетілген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Кез-келген қорытындының талдаулар, салыстыруларға және теориялық қағидалар мен ұстанымдарға негізделетінін ескеретін болсақ, диссертациядағы қорытындылар толығымен жаңа. Оны зерттеу міндеттері бойынша жасалған қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелдейді. Атап айтқанда, диссертацияда қазақ халық педагогикасы жүйесіндегі болашақ ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің теориялық тұжырымдамасы негізделген. Тарихи қалыптасқан этнопедагогикалық идеялар мен ұл бала-ер жігіттің әлеуметтену дәстүрлерін ғылыми реконструкциялау және жүйелі талдау негізінде қазақ халқының тәрбие дәстүрлері жүйесі ер азаматты бірегейлікті мәдени детерминистік қалыптастырудың тұтас моделі болып табылатыны дәлелденген. Этнопедагогикалық әлеуетті институционализациялау «Жергілікті қоғамдастықтарға негізделген білім беру», «Мәдени ерекшеліктерге негізделген даму» және «Әлеуметтік капитал теориялары» заманауи тұжырымдамаларына сәйкес келеді, олардың шеңберінде «Тәрбие әлеуметтік институттар мен мәдени тәжірибелер» кооперациясының нәтижесі ретінде қарастырылған. - Қазақ халқының ұл бала тәрбиесіндегі дәстүрлі жүйесінің аксиологиялық өзегі (ар-намыс, жауапкершілік, қоғамға қызмет ету, рухани және физикалық жетілу, ұрпақтар сабақтастығы) ұлдарды тәрбиелеуді позитивті, әлеуметтік жауапты және мәдени тұрғыда ұл бала-ер жігітті қалыптастыру үдерісі ретінде қарастыратын қазіргі теориялық шеңбермен тұжырымдамалық тұрғыдан байланысты екендігі анықталған. Бұл құндылықтар жеке тұлғаның мәдени кодтар жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз ететін ұл баланы қалыптастырудың тұрақты нормативтік-семантикалық матрицасын құрайтыны дәлелдейді. Бұл тұрғыда тәрбие

			әлеуметтік нормаларды беру үдерісі ретінде ғана емес, сонымен бірге субъективтілікті, моральдық автономияны және тұлғаның азаматтық жетілуін қалыптастыратын этномәдениеттің аксиологиялық негіздерін интериоризациялау механизмі ретінде де әрекет етеді. - Психологиялық-педагогикалық қолдаудың, тәлімгерліктің және мінез-құлықты мотивациялық реттеудің басым болуынан тұратын ұл баланы қазақ халық педагогикасында тәрбиелеудің басым тетіктері анықталған және теориялық тұрғыдан негізделген. Тәрбие үдерісінің тиімділігі өзін-өзі дамытуға және қоғамдық қызметке қабілетті мәдени-шынайы, әлеуметтік жауапты субъект ретінде баланың ғылыми негізделген бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін отандық зерттеушілердің тұжырымдамалық ұстанымдары айқындалған және жүйеленген. Осылайша, қазақ халық педагогикасы тарихи-мәдени құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қоғамдардағы ұл бала-ер жігітті тәрбиелеу идеясын кеңейтетін «жасөспірім ұлдардың мәдени шартты әлеуметтенуі» теориялық тұрғыдан маңызды моделі ретінде түсіндірілген. - Қазақ халық педагогикасы жүйесіндегі болашақ ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің мотивациялық, мазмұнды, іс-әрекеттік-практикалық және рефлексивті компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, ғылыми негізделген. Баланың әлеуметтік және мәдени сәйкестігін қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері (жоғары, орташа, төмен) анықталған. Модель жүйелік, тұлғаға бағытталған, іс-әрекетке және аксиологиялық тәсілдерге негізделген және құндылық көзқарастарының, тәрбие мазмұны мен практикалық іс-әрекеттің өзара байланысын көрсетеді. Ұл балаларды болашақ ер адам ретінде тәрбиелеудің дәстүрлі қазақ моделі мәдени жадыны, мінез-құлқының нормативтік үлгілерін және ұжымдық бірегейлікті таратудың институционалдық және мәдени тұрғыдан бекітілген тетігі ретінде жұмыс істейтіні негізделген. - Баланы әлеуметтік серіктестік арқылы тәрбиелеудің этнопедагогикалық әлеуетін институционализациялау тетігі негізделген және сыналған. Білім беру ұйымдарының ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған қоғамдық бірлестіктермен, әскери-патриоттық клубтармен, спорттық және мәдени орталықтармен интеграциялануы тәрбие үдерісінің нәтижелілігін арттыратыны дәлелденген. - Білім беруді цифрландыру жағдайында қазақ халық педагогикасының тәрбиелік әлеуетін іске асырудың әдістемелік жүйесі әзірленген.

			Этнопедагогикалық мазмұнды трансляциялау үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың орындылығы негізделген (цифрлық білім беру ресурстарын, медиа контентті, консультациялық онлайн-платформаларды құру, аралас форматтағы іс-шараларды іске асыру). Дәстүрлі құндылықтар мен цифрлық құралдардың интеграциясы білім беру кеңістігін кеңейтіп, этномәдени бірегейліктің тұрақты қалыптасуына ықпал ететіні дәлелденген. - «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы аясында жүзеге асырылған қазақ халық педагогикасы арқылы болашақ ұл баланы тәрбиелеудің әзірленген әдістемесінің тиімділігі дәлелденген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері құндылық бағдарлары, әлеуметтік жауапкершілік, этномәдени бірегейлік және әлеуметтік маңызды қызметке ынталандыру көрсеткіштерінің статистикалық маңызды оң динамикасын растаған. Қазіргі этнопедагогикалық және гендерлік зерттеулер контекстінде және оны жоғары педагогикалық білім беруде іске асырудың тәжірибеге бағдарланған моделін әзірлеуде қазақ халқының дәстүрлі тәрбие тәжірибесінің жүйелі түсіндірмесі ұсынылған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделгендігі туралы тұжырым жасауға ғылым салалары бойынша және барлық зерттеулердің барысында жаңадан қолданылып жүрген технологияларға жасалған талдаулар мен олардың қолданылуы дәлел болмақ. Мәселен, зерттеу нәтижелері өңдеу барысында нәтижелердің сандық талдауы «Microsoft Excel» бағдарламасын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар зерттеу барысында жүргізілген сауалнамалар «Google Forms» арқылы өткізіліп, ақпарат жиналды. Диссертациялық жұмыста қолданылған басқа да техникалық, технологиялық және басқару шешімдері толығымен жаңа екендігі және негізделгені айқын.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және	Зерттеу қорытындыларының негізделгендігі деп есептеуге диссертанттың тәжірибені жинақтай отырып ондағы жетістіктер мен олқылықтарды нақтылауы, жетілдіру мен толықтыру жолдарын ұсынуы дәлел. Диссертациялық жұмыста тек осы жұмыс жазу барысындағы жылдардың қорытындысы ғана емес, бұрынғы алынған нәтижелердің де алынып, үнемі салыстырылып отырылуы, олардағы тенденциялардың анықталуы нәтижелердің нанымды және дәйекті екендігіне негіз болады.

		гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1.Қағидалар толығымен дәлелденген. Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстамдылығын аңғартады. 7.2.Жұмыс тривиалды емес. Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, тұжырым жасалғандығымен дәлелденеді, яғни тек өзгенің тәжірибесі емес, өзіндік тәжірибенің басым болуы жұмыстың ұтымдылығын арттырып отыр деп есептейміз. 7.3.Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, үш міндет бойынша алынған жаңалықтардың қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденеді. Диссертант жұмысында қалыптастырылған әрбір нәтижесінің (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі: 1-нәтиже. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы мәселесіне қатысты отандық, шетелдік ғалымдардың психологиялық-педагогикалық зерттеулеріне жан-жақты талдау жасалып нәтижесінде зерттеудің теориялық негіздері әдіснамалық тұрғыдан айқындалған. Мәселен, ол әдіснаманың жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, аксиологиялық тұғырларын басшылыққа алу нәтиженің негізділігін дәлелдейді. 2-нәтиже. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындауы ұл бала-ер жігіттің эмоционалдық, интеллектуалдық және физиологиялық ерекшеліктерін зерделеумен дәйектеледі. 3-нәтиже. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, ұсынылған модель жүйе ретінде (мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық) компоненттерден, (ынталанушылық, танымдық, іс-әрекеттік) өлшемдер мен көрсеткіштердің жиынтығынан тұратындымен дәлелденген. 4-нәтиже. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің практикасын қамтыған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курс пен аталған курстың тақырыптары кіріктірілген «Қазақ
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) **дәлелденді;**	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру	

		мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі» оқу-әдістемелік құралының дайындалуымен, тиімділігі тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелденген. 7.4.Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, диссертанттың педагогика және психология, этнопедагогика және этнопсихология, әлеуметтік педагогика ғылымдарының теориясы мен практикасына қосқан сүбелі үлесі ғана емес барлық білім салаларында да қолдануға болатындығы туралы тұжырымдауға болады. Зерттеуде «ұл бала», «ер жігіт» ұғымдарының мәні мен маңызын сипаттау оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп кеңейту және әдіснаманың жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, аксиологиялық тұғырларын басшылыққа алуы психология және педагогика, этнопедагогика ғылымдарының теориялық дамуына ықпал етеді. Жұмыста Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындауы ұл бала-ер жігіттің эмоционалдық, интеллектуалдық және физиологиялық ерекшеліктерінің табиғатын тереңірек түсінуге көмектеседі, ал Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделінің дайын болуы болашақ зерттеулерге негіз бола алады. Осы орайда диссертанттың «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» атты диссертация жұмысының тақырыбы қазақстандық білімді, ұлттық құндылықтарымызды модернизациялаудың қазіргі заманғы жағдайында студенттерге халық педагогикасындағы ер жігіт тәрбиесі білім беру үдерісінің маңызды басым бағыттарының бірі бәсекеге қабілетті кәсіби маңызды қасиеттері мен құзыретті кәсіби маман тұлғасын қалыптастыру заманауи білім жүйесінің талаптарына жауап береді деп ой қорытуға болады. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері, тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындылары басты ұстанымдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 5 мақала жарық көрген. Сонымен қатар аталған диссертацияның қол жеткізген тұжырымдары мен қағидалары «Scopus» базасына кіретін рейтингтік журналда – 1, шетелдік және халықаралық конференция материалдарында – 24, барлығы 30 ғылыми мақалаларында дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама	Диссертацияда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасының психологиялық-педагогикалық

		нақты жазылған:	негіздерін анықтаудың әдіснамалық тұғырлары алғашқы рет жүйеленіп отыр. Осы орайда, қолданысқа енгізілген әдіснамалық (жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, аксиологиялық) тұғырларды қамтитын кешенді тұғыр жұмыстың әдіснамалық мазмұнын күшейтеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Эксперименттік жұмыста диссертант көптеген нәтижелердің дәйектілігін көрсетуге мүмкіндік беретін «Microsoft Excel» компьютерлік бағдарламасын қолдану арқылы жүзеге асырған. Сонымен қатар қазіргі кездегі кеңінен қолданыста жүрген IT қосымшалары, педагогика және психология ғылымдарында жалпы классикалық зерттеу әдістері: статистикалық өңдеу, математикалық модельдеу, корреляциялық талдауларды кеңінен қолданған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар, модельдер, өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиелеуді жетілдіру мен тұрақтандыруға арналған әдістері және тәсілдері қамтылған. Сонымен қатар, бүгінгі қоғамда ұлттық педагогика арқылы қазақ ұл баласының тұлғалық сапаларын дамыту мен тәрбиелеуді модельдеу жүйесі ұсынылған. Бұл өз ретінде зерттеу жұмысының маңызды құндылыққа ие болуына негіз бар. Болашақ мамандардың қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы диагностикаланған. Ал, диагностика барысында қолданылған сауалнамалар, ашық хаттар мен жүргізілген сұхбаттардың заманауи ағымға негізделген жаңа әдістерді қолдану арқылы тиімділігі дәлелденген. Әрбір нақты жағдай бойынша интерпретация барысында қазақ ұлттық педагогикасына негізделген нағыз ұл бала-ер жігітті қалыптастыруға бағдарланған тәжірибелік жұмыс бағдары әзірленіп, студент жастардың отбасылық этникалық ерекшелігі және әлеуметтік ортасы есепке алынып, нәтижесінде көзделген мақсатты шешуге бағытталған нақты ұсыныстар әзірленген. Сондай-ақ,
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

	студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлерін тереңдету мақсатында «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» тақырыбында элективті курсы әзірленген. Қазақ ұл баласының этникалық тәрбиесін ізгілендіруге бағдарланған іс-шаралар кешені ұсынылған. Нәтижесінде элективті курстың мазмұндық сипатына орай бірнеше әдістер арқылы эксперимент жұмысы жүргізілген. Тәжірибелік жұмыс барысында студент жастар қазақ халық педагогикасының құндылықтарымен терең танысып, ұл бала-ер жігіт бойына сіңіруге қажетті ұстанымдар, қағидалар, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру жолдарын игерген. Ұлттық намыс, ұлттық мүдде, ұлттық рух, дала заңы сынды мәліметтердің феноменін ажыратып, құнды ақпарат алып, ашық сөз дискуссиялық алаңында пікірлерін ортаға салған. Әзірленген элективті курс қолдау тапқан. Зерттеу жұмысының тиімділігін айқындайтын тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижесі оңтайлылығын көрсеткен. Курстың құрылымдық сипатын құрайтын 15 тақырып қазақ ұлттық педагогикасының мазмұнына ұл бала-ер жігіт тәрбиесін дамытуға арналған тың тақырыптар кіріктірілген. Өткізілген кластерлік бейнересурстардың, мектептің тәрбие ісін одан әрі күшейтуге септігі мол болған. Сонымен қатар қазақтың салт-дәстүрлеріне қатысты интеллектуалды бейне-аудио тапсырмаларды құрастырып, білім беру ұйымының тәрбие секторлары тарапынан және арнайы педагогтар ұсынысы бойынша тәжірибелік жұмыс барысында қолданған осы материалдарды арнайы баспадан шығаруға ұсыныс берілген. Болашақта зерттеу тақырыбының нәтижесін айқындайтын «Қазақ салт-дәстүрлері мен ер жігіттің ұлттық болмысы» тақырыбын қамтитын бейне-аудио иллюстративті тапсырмалар әзірлеуге тапсырыс жасалған. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытындысында респонденттердің және арнайы мамандардың ұсыныстары негізінде қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесін жақсартуға арналған нақты шешімдер ұсынылған.
8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертант жұмыс жазу барысында өте ауқымды зерттеулер жүргізгенін алыс және жақын шетелдік әдебиеттердің кеңінен қолданылуы жұмыстың мазмұндылығын тереңдете түскендігін көрсетеді. Зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан ұстанымдылығын – философиялық, әлеуметтанулық, педагогика және психология, этнопедагогика, этнопсихология және т.б. әдебиеттердің талдануы дәлел болмақ, осылайша ғылыми жұмыс әлемдік

			тәжірибелер мен тұжырымдарға негізделгенін дәлелдейді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттердің саны – 135. Пайдаланылған дерек көздері зерттеу тақырыбына, мақсат-міндеттеріне, зерттеу нысаны мен пәніне, мазмұнына толықтай сәйкес.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс теориялық тұрғыдан маңыздылыққа ие. Қазақ халық педагогикасындағы болашақ ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің теориялық тұжырымдамасы негізделген. Тарихи қалыптасқан этнопедагогикалық идеялар мен ұл бала-ер жігіттің әлеуметтену дәстүрлерін ғылыми реконструкциялау және жүйелі талдау негізінде қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі дәстүрлі жүйесі ер азаматты бірегейлікті мәдени детерминистік қалыптастырудың тұтас моделі екендігі дәлелденген. Сонымен қатар, этнопедагогикалық мүмкіндіктерді институционализациялау «Жергілікті қоғамдастықтарға негізделген білім беру», «Мәдени ерекшеліктерге негізделген даму» және «Әлеуметтік капитал теориялары» заманауи тұжырымдамаларына сәйкес келеді, олардың шеңберінде «Тәрбие әлеуметтік институттар мен мәдени тәжірибелер» кооперациясының нәтижесі ретінде қарастырылып, қазақ халқының тәрбие дәстүрі жүйесінің аксиологиялық өзегі (Ар-намыс, жауапкершілік, қоғамға қызмет ету, рухани және физикалық жетілу, ұрпақтар сабақтастығы) ұлдарды тәрбиелеуді позитивті, әлеуметтік жауапты және мәдени тұрғыда ұл бала-ер жігітті қалыптастыру үдерісі ретінде қарастыратын қазіргі теориялық шеңбермен тұжырымдамалық тұрғыдан байланысты екендігі анықталған. Бұл құндылықтар жеке тұлғаның мәдени кодтар жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз ететін ұл баланы қалыптастырудың тұрақты нормативтік-семантикалық матрицасын құрайтыны дәлелденген. Бұл тұрғыда тәрбие әлеуметтік нормаларды беру үдерісі ретінде ғана емес, сонымен бірге субъективтілікті, моральдық автономияны және тұлғаның азаматтық жетілуін қалыптастыратын этномәдениеттің аксиологиялық негіздерін интериоризациялау тетіктері түзілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі	Диссертацияның практикалық маңызы алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігімен дәлелденеді: - қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне байланысты жасалған теориялық тұжырымдар мен зерттеу

		жоғары:	қорытындылары, жасалған әдістеме болашақта жүргізілетін ғылыми бағыттағы ізденістерге негіз бола алады. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында ұлттық тәрбиені жаңғыртудағы тиімділігі мол; - жаһандану дәуірінде ұл бала-ер жігіттің ұлттың болмысын қалыптастыруға бағытталған заманауи педагогикалық ресурстары өскелең ұрпақтың сана-сезіміне, тұлғалық сипатына сай жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруде, ұлттық кодты сақтауға бағдарланған тәжірибелік материалдардың маңызы бар. - ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасына арналған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты даярланған элективті курс бағдарламасы, ұл бала тәрбиелеудің мазмұнын толықтырады. - элективті курс мазмұнын орта білім беру мектептерінің жоғары сынып сатысында, колледждерде және жоғары оқу орнының тәрбие бағдарында қолдануға болады. - элективті курстың мазмұнына бейімделіп дайындалған «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі» атты оқу-әдістемелік құралы болашақ мұғалімдерге, білім беру ұйымдары педагогтарына және ата-аналарға көмекші әдістемелік құралы бола алады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Тәжірибелік жұмыстағы қолданылған технологиялар, әдіс тәсілдер, дәлелдер негізінде алынған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Сонымен қатар, жұмыс нақты диссертанттың тәжірибесіне сүйенгендіктен барлық тұжырымдар отандық ЖОО-ғы білім беру саласындағы мәселелер төңірегінде болғандықтан болашақ мамандардың құндылық бағдарлары, әлеуметтік жауапкершілік, этномәдени бірегейлік және әлеуметтік маңызды қызметке ынталандыру көрсеткіштерінің статистикалық маңызды оң динамикасын растады. Қазіргі этнопедагогикалық және гендерлік зерттеулер контекстінде және оны жоғары педагогикалық білім беруде іске асырудың тәжірибеге бағдарланған моделін әзірлеуде қазақ халқының дәстүрлі тәрбие тәжірибесінің теориясы мен практикасының ғылыми негіздерін айқындауына қатысты тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижесі бойынша жасаған қорытындылары мен ұсыныстарынан да байқауға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Себебі, жаңа ұғымдар, түсініктер кеңінен қолданыла отырылып, олардың мәні терең ашылған. Атап айтқанда, зерттеу барысында «халық педагогикасы», «ұл бала», «ер жігіт» ұғымдарының өзара байланысының ажыратылуы.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	

		4) төмен.	«Ұл бала» мен «ер жігіт» ұғымының әр түрлі аспектіде (философиялық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық, этнопедагогикалық) қарастырылуы; ізденушінің осы ұғымардың мазмұнын нақтылауы, олардың өзара байланысын бірізділікте жазуы, логикалық байланыстарын жасауы, диссертация мазмұны стилистикалық және грамматикалық жағынан сауаттылығы академиялық жазу сапасы жағынан жоғары деп қорытуға болады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жүргізілген зерттеудің міндеттері мен ғылыми жаңалығындағы артықшылықтарды баса көрсетіп, болашақта төмендегі бағыттар бойынша бұл зерттеу көкжиегін кеңейте түсуді ұсынамын: 1. Диссертациядағы 1-міндет: Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін жүйелеу және 3-міндет қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің мәні мен ұстанымдарын белгілеу деп алынған міндеттер біріктіріліп мына төмендегідей мәтінде құрылымдалса, ол 1-ғылыми жаңалықтың мазмұнына сәйкес келген болар еді. Сондықтан 1-міндетті «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің мәнін және әдіснамалық тұғырларын нақтылау» деп өзгерту ұсынылады; 2-ұсыныс: (4 және 6-міндеттерді) біріктіріп, «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсын әзірлеу және әдістемелік қор жинақтау, іріктеу, тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүргізу арқылы тексеру. Дегенмен, бұл ескерту емес, тек ұсыныс болғандықтан, «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бойынша Гульшат Камарбековна Кулабекова «6D010300-Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп есептеймін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докоранттың зерттеу		Зерттеу жұмысының негізгі идеялары, әдістері, принциптері, жасалған талдаулары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы ізденушінің шетелдік, халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялары мен түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген. Докоранттың келесі мақалалары зерттеу тақырыбы бойынша жоғары ғылыми деңгейде жазылған: 1.«Kazakh national pedagogy in the upbringing of boys» – Opción, Revista de Ciencias Humanas y Sociales Año 35, 2019. No.90-2, P.806-819. DOI:https://dialnet.unirioja.es/descarga/articulo/8172813. Қосалқы авторлар: Kozybayev Y., Kurmanbekova A., Sarybekova Zh., Ayazbaev T.

	тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		2. Дәстүрлі және бүгінгі қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің өзекті мәселелері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы, №2 (56). Алматы, 2018. Б. 130-133. 3. Қазақ балаларын Отан сүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеологияның мәні. «Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы» ғылыми журналы. «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2 (58). Алматы, 2018. Б. 232-238. 4. Бала тәрбиесі: Ұлы дала елінің тәжірибесі. «Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы» ғылыми журналы. «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3 (59). Алматы, 2018. Б. 255-259. 5. Ұл бала тәрбиесі және Бауыржан Момышұлы тағылымы. «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы» ғылыми журналы, №4 (80). Алматы, 2019. Б. 263-271. 6. Абай мұрасындағы ер жігіт тәрбиесі. Научный журнал «Вестник Академии Педагогических наук Казахстана», №3. Алматы, 2020. С. 20-29. және 24 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жарияланған мақалалар.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Кулабекова Гульшат Камарбековнаға «6D010300-Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

Шалгынбаева Кадиша Кадыровна

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ